

Облыстың кейбір аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгерту туралы

Павлодар облысы Мәслихатының (III сайланған II сессиясы) 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 183/2 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2004 жылғы 16 қаңтарда N 2204 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына, Успен ауданы мәслихатының (II сайланған, XXV сессия) және Успен ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 1 шілдедегі N 274/7 "Милорадовка, Ульяновка және Образцовка елді мекендерінің таратылуы туралы" бірлескен шешіміне, Ертіс ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2003 жылғы 9 сәуірдегі N 130-258-2 "Қылышбек, Теренсай, Кіші-Мойнақ, Қабан ауылдарының статусы туралы" бірлескен шешіміне сәйкес, ауылдық округтер тұрғындарының пікірлерін ескере отыра, облыстық мәслихат және облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Облыстың кейбір аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылымына мынадай өзгертулер енгізілсін:

Успен ауданы бойынша:

Милорадовка, Ульяновка ауылдары Успен ауданы Надаров ауылдық округінің Надаровка ауылының әкімшілік-аумақтық құрамына кірсін;

Образцовка ауылы Успен ауылдық округінің Успен селосының әкімшілік - аумақтық құрамына кірсін.

Ертіс ауданы бойынша:

Панфилов ауылдық округінің Қылышбек ауылы Ертіс ауданы Панфилов ауылдық округінің Панфилов ауылының әкімшілік-аумақтық құрамына кірсін;

Ағашорын ауылдық округінің Теренсай ауылы Ертіс ауданы Ағашорын ауылдық округінің Ағашорын ауылының әкімшілік-аумақтық құрамына кірсін;

Майқоңыр ауылдық округінің Кіші - Мойнақ, қабан ауылдары Ертіс ауданы Майқоңыр ауылдық округінің Майқоңыз ауылының әкімшілік-аумақтық құрамына кірсін.

Сессия төрағасы Ю. Әлекпаров

Облыс әкімі К. Нұрпейісов

хатшысы Р. Гафуров

Облыстық мәслихаттың

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК